

Мектеп директоры
Н.К. Дауылбаева 
« 31 » 08 2024ж



**«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылына арналған
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын
іске асыру бойынша тәрбиенің жылдық жоспары**

Түсінік хат

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

ШЕШБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

- * Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.
- ** Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепшілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес тандай алады.
- *** Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.
- **** Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында **10 минут қауіпсіздік** сабақтарына арналады.
- 🚶 - Білім беру ұйымының іс-шаралар жоспарына міндетті түрде қосылуы қажет.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен паракшалар әзірлеу; -«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; -«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыру (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Күнделікті жыл бойы

	көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).			
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Апта сайын жыл бойы
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	✚ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС,	Айына 1 рет

			және т. б.)	
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	✚ «Болашаққа жолдама» жобасы	Бекітілген жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
2	✚ Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған « Adal urpaq », « Sanaly urpaq » жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралары	Бекітілген жоспар бойынша	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
3	✚ « Birgemiz: Qamqor » акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
4	✚ « Birgemiz: Taza Álem » акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
5	✚ « Мейірімділік ошағы » акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
6	✚ Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және	Жоспарға сәйкес	Мектеп директоры, директордың тәрбие	Жыл бойы жоспар негізінде

	кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары		жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, эко клуб жетекшілері.	
7	📌 «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Жыл бойы
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	1 апта
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Қазақстанхалқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс- шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	1 апта
3	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	1 апта
4	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	2 апта
5	«Отбасы – тәрбиенің алтын»	Отбасы күніне арналған челлендж	Директордың тәрбие ісі	2 апта

	бесігі» челленджі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы		жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	
6	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ИД және т. б.) бірлесіп	3 апта
7	«Еңбек түбі- береке» (Еңбегі адал жас өрен жобасы) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
8	«Денсаулық – зор байлық» фестивалі	«Денсаулық фестивалі» Мектепішілік шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері	Ай жоспарына сәйкес
9	«Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!» (барлық білім беру ұйымдарында құрылған волонтерлар клубының бейнероликтер байқауы)	Облыстық байқауға қатысу	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Қыркүйек
10	2023-2025, 2024-2026 жылдарға арналған балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және жасөспірімдер арасындағы суицидтік әрекеттердің алдын алу; Кәмелет жасқа толмағандар арасында 2024- 2025 жылдарға арналған буллинг, зорлық- зомбылықтың алдын алу; Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес; Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтарының алдын алу Кешенді іс- шаралар жоспарының орындалуы	Анықтама хаттама, сынып сағаттары,	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психологтар	Қыркүйек

11	«Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» жобасын құру, ұйымдастыру	Хаттама, жоба жоспары	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Қыркүйек
12	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы «Қамқор» жобасы	Таза сенбіліктер	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қыркүйек
13	1.«Жыл мерейтойлары» циклынан кітап көрмесі. С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл «Бейімбет мұралары» Б. Майлиннің туғанына 130 жыл жыл	Кітап көрмесі, Бұрыштар дайындау	Кітапханашы: Қыстаубаева Ғ	Қыркүйек
14	Профилактика және психологиялық ағарту. (Тренингтер, кеңес беру, жиналыс)	«Орта мектептегі жаңа оқушы», «Бейімделу кезеңінің маңыздылығы» (ата-ана, педагог) 1,5 сынып оқушыларының бейімделуіндегі қиыншылықтар	Мектеп психологі Г.Т Куатова	Қыркүйек
15	«Мектеп президентін сайлау», «Еріктілер ұйымын құру»	Сайлау, дауыс беру, әлеуметтік желілерге жариялау, анықтама	Тәлімгер: Абиалина Ж	Қыркүйек
16	АПҚО аясында: «Ата-ананың мектептегі бір күні» жалпы мектепшілік жиналыс 1-11 сынып	Ата-аналар жиналысы, хаттама	ДТДЖО, 1-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек

17	АПҚО аясында: «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі 5-11 сынып	Отбасы күніне арналған челлендж, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО, Педагог ұйымдастырушы. 5-11 сынып жетекшілері	Қыркүйектің 2аптасы 12.09.24
18	«Тіл әлем есігін ашатын кілт»	Әдеби кеш	Кітапханашы: Қыстаубаева Г	Қыркүйек

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

1	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет «Қамқор» жобасы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	1 апта
2	«Даналық ұстаздан» челленджі «Шабьт» жобасы	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
3	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ИД және т. б.) бірлесіп	1 апта
4	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі	1 апта

			мемлекеттік органдармен бірлесіп	
5	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күнін» ұйымдастыру	Әлеуметтік желіге ақпарат	Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер.	1 апта
6	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
7	«Күзгі асар» жәрмеңкесі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері	2 апта
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
9	Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы	Ақпараттық сағат	кітапханашы	2 апта
10	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
11	Жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау жұмыстары	5-сынып	Мектеп психологі: Г.Т Куатова	3 апта
12	Кітапханашылар күні	Ақпараттық сағат	Кітапханашы: Қыстаубаева Ғ	3 апта
13	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты («Жалын» дебат жобасы)»Адамгершілік және адалдық»	Пікірсайыс	Дебат жетекшісі: Ж.Жанұзакова	4 апта

14	«Республикам – мақтанышым!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара және сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	4 апта
15	25 қазан - Республика күні. «Жаса, Қазақстаным менің!» (Еңбегі адал жас өрен)	Мерекелік концерт	5,7 сынып жетекшілер	4 апта
16	«Демалыста кітап оқимыз» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	4 апта
17	1).Мемлекет және қоғам қайраткері «Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл» әдеби кеш. 1-11 сынып 2) «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «My favourite book» ағылшын тілі сабағында	Әлеуметтік желіге жариялау, анықтама	ДОДЖО, 1-11 сынып жетекшілері, кітапханашы	Қазан айының 2 аптасы 11.10.24
18	«Мен - еріктімін» әлеуметтік желідегі фотоконкурс (Облыстық жоспар негізінде)	Конкурс	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Ай жоспарына сәйкес
19	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы («Қамқор» жобасы)	Таза сенбіліктер	Мектеп директоры, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қазан

20	«Әлеуметтік санаттағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырылуын қадағалау. Үйірмелермен қамтылуын бақылау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Қазан
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» (Еңбегі адал жас өрен) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Мектеп театры («Шабьт» жобасы)	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері /тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні Қауіпсіздік сабағы. (Еңбегі адал жас өрен)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	Валюта күні	Ақпараттық сағат	кітапханашы	2 апта
4	«Ұшқыр ой алаңы» («Ұшқыр ой алаңы» жобасы) «Теңге-Тәуелсіз қазақ елінің өз ақшасы»	Пікірсайыс	Дебат жетекшісі: Жанузакова Ж	2 апта
5	«Startup» байқауы («SMART BALA» жобасы)	Байқау	Сынып жетекшілері мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
6	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
	Жошы ұлына 800 жыл	Кітап көрмесі	Кітапханашы: Қыстаубаева F	3 апта
7	«Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен	4 апта

			бірлесіп	
8	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
9	1-сынып оқушыларын «Біздің кітапхана» тақырыбына саяхат	Саяхат	Сынып жетекші, кітапханашы	Қараша
10	Бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін диагностикалау.	«Сөздерді есте сақта» «Артығын тап» әдістемесі	Мектеп психологі: Г.Т Куатова	Қараша
11	Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мотивациялық аймағын дамыту-түзету жұмыстары	Арттерапия	Мектеп психологі: Г.Т Куатова	Қараша
12	Өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшыларына арналған «Үздік көшбасшы- 2024» облыстық байқау	Облыстық байқауға қатысу	Аға тәлімгер	Қараша
13	Мамандықтар әлемі (кәсіби бағдар)	Оқушыларды қосымша білім беру ұйымдарының қызметімен қамту	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.	Қараша
14	Мектепшілік есептегі, тәуекел топтағы оқушылармен жұмыс	Үй аралау, теренингтер, үйірмелер	Әлеуметтік педагог	Қараша

15	Дүниежүзілік балалар күніне орай: «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалар құқығының қорғалуы бойынша сауалнама, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, іс-шаралар ұйымдастыру» 1-11 сынып	Анықтама, әлеуметтік желілерде жариялау	Педагог-психолог, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог,	Қараша
16	«Әлеуметтік санаттағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырылуын қадағалау. Үйірмелермен қамтылуын бақылау	Іс-шара	Әлеуметтік педагог	қараша

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

1	«Табигатқа қамқорлық жасаймыз» (Қамқор жобасы) акциясы (Сынып сағаты) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
3	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты. «Терең тарихтан-жарқын болашаққа»	Пікірсайыс	Дебат жетекшісі: Жанузакова Ж	3 апта
5	«Тәуелсіздік ата-бабам аңсаған» (Еңбегі адал жас өрен)	Атап өту	6- 8 сынып	3 апта
6	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта

7	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
8	Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл	Кітап көрмесі	Кітапханашы: Қыстаубаева Ғ	4 апта
9	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
10	✚ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
11	«Жеке тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған сауалнамалар.	Жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау. 7-11 сыныптар	Мектеп психологі: Г.Т Куатова	Желтоқсан
12	Жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту-түзету. 5-8 сыныптар	Ертегі терапиясы	Мектеп психологі: Г.Т Куатова	Желтоқсан
13	«Ерікті болу - ерлік» Облыстық еріктілер слеті (жыл қорытындысы, үздік еріктілерді, үздік еріктілер клубтарын марапаттау)	Слет	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Желтоқсан

14	«Жасыл шырша маңындағы кеш» 1-11 сынып	Ертеңгіліктер, сыныптан тыс іс-шаралар	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, мектеп парламенті	желтоқсан
15	«Кәсіби бағдар беру» жобасы. «Менің ата-анамның мамандықтары»	Ақпараттар, танымдық сабақтар	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Желтоқсан
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл				
1	«Кәсіби бағдар беру» жобасы. Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қызығушылығы мен бейімділігінің, білім алуға айналасындағылармен қарым-қатынаста болуына ықпал ету диагностикасы	диагностика, сауалнама	Мектеп психологі: Куатова Г.Т	2 апта
2	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
	«Оқуға құштар мектеп» жобасы Әдеби кеш («Балалар кітапханасы» жобасы) Илияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл	Әдеби кеш	Кітапханашы: Қыстаубаева Ғ	2 апта
3	«Ұшқыр ой алаңы» «Жалын» дебат жобасы. «Үнемі оқитын адам-табысты адам»	Пікірталас	Дебат жетекшісі: Жанұзакова Ж	3 апта
4	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
5	«Заң және тәртіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта

	күндылығына арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
6	«Өнер тапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы («SMART BALA” жобасы)	Байқау	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	4 апта
7	«Жалын» дебат жобасы. «Үнемі оқитын адам-табысты адам»	Пікірсайыс	Дебат жетекшісі: Жанузакова Ж	Қаңтар
7	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
8	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ	Мектепішілік «Бірыңғай сабақ» шарасы	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	қаңтар
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	1 апта
	«Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету.	Алдыналу іс-шарасы, анықтама	Педагог-психолог әлеуметтік	Ақпан айының 1 аптасы

	Кибербуллинг туралы ескерту жұмыстары» 1-11 сынып		педагог	05.02.-07.02.25
2	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
3	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты «Оян ар мен адалдық»	Пікірсайыс	Дебат жетекшісі: Жанузакова Ж	1 апта
4	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	2 апта
5	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Балалар кітапханасы» жобасы	Челлендж	Кітапханашы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
6	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	«Startup» байқауы «SMART BALA» жобасы	Байқау	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
8	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
9	✚ Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепішілік іс-шаралар	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, АӘД пәні мұғалімі: (Жас сарбаз әскери патриоттық клубы)	3 апта
10	Қазақтың лирик акыны-Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай әдеби сазды кеш	Әдеби кеш	Кітапханашы: Қыстаубаева Ғ	3 апта

11	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
12	Оқушылардың тұлғалық мотивациялық аймағын диагностикалау. «Өмірде жоқ жануар» «Жаңбыр астындағы адам»	Әдістемелер	Мектеп психологі: Г.Т Қуатова	4 апта
13	↓ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында «Шын жүректен» челленджі	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Наурыз
3	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен	1 апта

			бірлесіп	
4	«Аналар мектебі» жобасы» «Ананың аялы алақаны» челленджі («Шабьт» жобасы)	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
	«Аналар мектебі» жобасы «Анамен әсем, бар әлем»	Мерекелік концерт	Музыка пәнінің мұғалімі, қоғамдық ұйым жетекшелері	2 апта
	Әлемді өзгерткен 5 әйел ұстаз	Ақпарат сабақ	Кітапханашы	2 апта
5	«Ұлттық мәдениет» көрмесі («Шабьт» жобасы)	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
6	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
7	✚ «Наурызнама» тұжырымдамасы	Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес іс- шаралар ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	3 апта
8	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
9	«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша)	Күй орындау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Наурыз
10	Мектеп театры («Шабьт» жобасы)	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері, тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта

11	«Жер сағаты» экологиялық акциясы («Қамқор» жобасы)	Акция	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері	4 апта
12	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы. Жауынгерлік әндер байқауы: А) Әскери және патриоттық әндер Б) Сахналық қойылымдар	Байқау	Музыка пәнінің мұғалімі: С.Битуова. Жас сарбаз клубының жетекшісі: Н.Жұмабай	4 апта
13	«Құқық бұзушылық және ол үшін жауапкершілік» тақырыбында жиналыс 5-11 сынып	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
14	«Толық адам» тақырыбында конференция ұйымдастыру (10-11 сыныптар)	Конференция	Кітапханашы	Наурыз
15	«Мейірімділік-рухани жан байлығы» (қоғам игілігі үшін қызмет ету; Адал еңбекті құрметтеу; (Еңбегі адал жас өрен)	Танымдық сабақ	Сынып жетекшілер	Наурыз
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні				

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	«Біз тандаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
3	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірілесіп	2 апта
4	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Сәуір
5	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып («Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы)	Шеберлік сынып	Сынып жетекшілері / педагог-психологтер	2 апта
	Кітапхана білім ордасы	Сайыс сабақ	Кітапханашы	2 апта
6	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
7	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты «Туған өлке тарихы»	Пікірталас	Дебат жетекшісі: Жанұзакова Ж. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
	Көшбасшы болу оңай ма?	Әңгіме сағаты	Кітапханашы	3 апта
8	«Қоғамдық мүлікті қорға!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен	4 апта

			бірлесіп	
9	«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі («Қамқор» жобасы)	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	4 апта
	Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап – біздің досымыз»	Кітап көрмесі	Кітапханашы: Қыстаубаева Ғ	4 апта
10	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты. (Еңбегі адал жас өрен) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
11	«Менің сүйікті кейіпкерлерім» оқыған кітаптары туралы ой бөлісу TEDХ	Кітаптар туралы ой бөлісу	Кітапханашы	Сәуір
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі «Шабьт» жобасы	Фестиваль	АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
3	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
	7 мамыр Отан қорғаушылар , 9 мамыр Жеңіс күні « Отты жылдар – елдіктің	Мерекелік бағдарлама	9-10 сынып жетекшілері	2 апта

	ескерткіші»			
4	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Сынып жетекшілері	2 апта
5	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мектеп психологы	3 апта
6	«Қауіпсіз қоғам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын-алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) (Еңбегі адал жас өрен)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
8	✚ Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепшілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
11	1.«Менің оқырман сыныбым» сайысы. 2. «Ең үздік оқырман»	1. Сайыс 2.үздік оқырманды анықтап марапаттау	Кітапханашы	мамыр
12	«Әншуақ» фестивалі «Шабыт» жобасы	Фестиваль	Үйірме жетекшілері	Мамыр
13	Отбасы күніне орай: Әкелер форумын ұйымдастыру	Анықтама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО, «Арлан» бірлестігі, ұлдар кеңесі, сынып жетекшілері	Мамырдың 2 аптасы 13.05.25
14	«Үздік оқушы-2025» «Үздік сынып-2025»	Жеңімпаздарды марапаттау	Сынып жетекшілері, Педагог ұйымдастырушы Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	